Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің 1998 жылғы 12 қазандағы N 343 бұйрығымен бекітілген Көлік құралдары мен оларға тіркемелерді мемлекеттік тіркеудің тәртібіне өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Бұйрық Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі 2000 жылғы 20 қараша N 614 Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2000 жылғы 20 қараша N 1341 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2010 жылғы 26 ақпандағы № 90 Бұйрығымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2010.02.26 № 90 Бұйрығымен.

Көлік құралдары мен оларға тіркемелерді мемлекеттік тіркеудің тәртібінің 80 -тармағын Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарына сәйкес келтіру мақсатында

БҰЙЫРАМЫН:

1. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің 1998 жылғы 12 қазандағы N 343 V980690_ бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында көлік құралдары мен оларға тіркемелерді мемлекеттік тіркеудің тәртібіне мынадай өзгеріс енгізілсін:

80-тармақтың бірінші абзацындағы "... және аталған көлік құралы

кепілінің жоқтығы туралы Жылжымайтын мүлік жөніндегі орталықтан анықтама ..." деген сөздер алынып тасталсын.

2. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының ҚІІБ, ІІБ бастықтары:

Тәртіпке өзгерістердің мазмұнын бұқаралық ақпарат құралдарын пайдалану арқылы түсіндіру жұмыстары жолымен мекемелердің, ұйымдардың және халықтың назарына жеткізсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Жол полициясы департаментіне жүктелсін.

Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрі -
Ішкі әскерлердің қолбасшысы

генерал-лейтенант

Мамандар:

Омарбекова А.Т.

Шарипова М.Е.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК